

2022 жылғы 05 қазан, Астана қ., Қазақстан

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышының дауыс беру нәтижелері

«Қазатомөнеркәсіп» үлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Қазатомөнеркәсіп» немесе «Компания») 2022 жылғы 04 қазанды жергілікті уақыт бойынша 18 сағат 00 минутта (GMT+6) жүргізілген Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы (бұдан әрі – «АҚЖЖ») отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша сырттай дауыс беру нәтижелерін жариялады.

АҚЖЖ өткізу кезінде орналастырылған акциялардың жалпы саны 259 356 608 құрады. 2022 жылғы 01 қыркүйектегі жағдай бойынша акционерлердің тізіміне, сондай-ақ акционерлердің иелігіндегі номиналды ұстаудағы акциялардың меншік иелері туралы мәліметтерге сәйкес Компанияның дауыс беретін акцияларының жалпы саны 220 280 366 дананы құрады. АҚЖЖ-ға акционерлер мен олардың үекілетті өкілдері дауыс берді, олар жиынтығында 218 638 318 жай акцияны иеленді, бұл Компанияның жалпы дауыс беретін акцияларының 99,25% құрайды. АҚЖЖ отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша акционерлердің дауыс беруі өткізіліп, шешімдер қабылданды.

Шешімдер	Қарсы емес	%	Қарсы	%	Қалыс қалды	%
1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту туралы.	218 638 318	100,00%	0	0,00%	0	0,00%
2. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-тың 2023 және 2024 жылдардағы ХЕҚС бойынша шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық үйім ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС белгілеу туралы.	203 292 575	92,98%	15 266 592	6,98%	79 151	0,04%

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-тың 2023 және 2024 жылдардағы ХЕҚС бойынша шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық үйім ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС белгілеу туралы.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ АҚЖЖ 2022 жылғы 04 қазандагы дауыс беру қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-тың 2023 және 2024 жылдарға арналған халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептіліктеріне аудитті жүзеге асыру үшін аудиторлық үйім ретінде» ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ті белгілеу туралы шешім қабылданды.

Қосымша ақпарат алу үшін хабарласуға болады:

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышының мәселелері бойынша

Асем Мухамедьярова, Корпоративтік хатшы

Тел: +7 7172 45 81 63

Email: amukhamedyarova@kazatomprom.kz

Инвесторлармен өзара іс-қимылға байланысты мәселелер бойынша

Кори Кос (Cory Kos), IR департаментінің халықаралық кеңесшісі

Ботагоз Мулдагалиева, IR департаментінің директоры

Тел: +7 7172 45 81 80

Email: ir@kazatomprom.kz

Қоғаммен байланыс және БАҚ сұраулары бойынша

Сабина Құмурбекова, GR және PR департаментінің директоры

Фажайып Күмісбек, GR және PR департаментінің бас сарапшысы

Тел: +7 7172 45 80 22

Email: pr@kazatomprom.kz

Осы жарнаманың көшірмесін www.kazatomprom.kz алуға болады.

Қазатомөнеркәсіп туралы

Қазатомөнеркәсіп 2021 жылды өлемдік бастапқы уран өндірудің жиынтық көлемінен шамамен 24% - ы мөлшерінде компанияның қатысу үлесіне барабар табиғи уран өндіретін өлемдегі ең ірі уран өндіруші болып табылады. Топтың саладағы ең ірі резервтік уран базасы бар. Қазатомөнеркәсіп еншілес, тәуелді және бірлескен ұйымдармен бірге 14 уран өндіруші кәсіпорынға біркітірілген 26 кен орнын игеруде. Барлық уран өндіруші кәсіпорындар Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және уран өндіру кезінде денсаулық сақтауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды бақылаудың озық практикалары мен құралдарына (ISO 45001 және ISO 14001 сертификатталған) ерекше назар аудара отырып, жерасты ұнғымалық шаймалау технологиясын қолданады.

Қазатомөнеркәсіптің бағалы қағаздары Лондон қор биржасында, Astana International Exchange биржасында және Қазақстан қор биржасында орналастырылған. Қазатомөнеркәсіп Қазақстан Республикасының ұлттық атом компаниясы болып табылады және топтың негізгі клиенттері - атом өндіруші қуаттардың операторлары, ал өнімдер үшін негізгі экспорттық нарықтар - Қытай, Оңтүстік және Шығыс Азия, Солтүстік Америка және Еуропа. Топ уран және уран өнімін жеткізуі үзақ және қысқа мерзімді кепісімшарттар бойынша, сондай-ақ споттық нарықта тікелей Астана қаласында орналасқан корпоративтік орталығынан немесе Швейцариядағы еншілес сауда компаниясы Trading House KazakAtom (THK) арқылы жүзеге асырады.

Косымша ақпарат алу үшін біздің интернет-ресурсымызға кіріңіз <http://www.kazatomprom.kz>

Болашаққа қатысты мәлімдемелер

Осы хабарға немесе құжатқа енгізілген тарихи фактінің мәлімдемелерінен басқа барлық мәлімдемелер болашаққа қатысты мәлімдемелер болып табылады. Болашаққа қатысты мәлімдемелер компанияның қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне, жоспарларына, мақсаттарына, болашақ нәтижелері мен қызметтіне қатысты ағымдағы үміттері мен болжамдарын көрсетеді. Мұндай мәлімдемелерде «мақсат», «санаймыз», «күтіледі», «ниеттенеміз», «мүмкін», «болжаймыз», «бағалаймыз», «жоспар», «жоба», «болады» деген, бірақ олармен шектелмейтін, «булуы мүмкін», «мүмкін», «керек», «мүмкін» және үқсас мағынадағы басқа сөздер мен терминдер немесе олардың теріс формалары сияқты сөздері бар мәлімдемелер қолданылуы мүмкін.

Болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерге белгілі және белгісіз сын-қатерлер, белгісіздіктер және Компанияға байланысты емес басқа да маңызды факторлар кіреді, бұл Компанияның нақты нәтижелері, көрсеткіштері немесе жетістіктері болашаққа қатысты осындай мәлімдемелермен көрсетілген немесе болжанған күтілетін нәтижелерден, көрсеткіштерден немесе жетістіктерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелер компанияның қазіргі және болашақ бизнес стратегиясына және оның болашақта жұмыс істейтін жағдайларына қатысты көптеген болжамдарға негізделген.

ОСЫ ҚҰЖАТТА ҚАМТЫЛҒАН БОЛЖАМДАРҒА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТ БОЛАШАҚ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ БІРҚАТАР БОЛЖАМДАРҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ ЖӘНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК БЕЛГІСІЗДІККЕ ЖӘНЕ БАСҚА КОНВЕНЦИЯЛАРҒА ҰШЫРАЙДЫ, ОЛАРДЫҢ ЕШҚАЙСЫСЫН СЕНИМДІ ТҮРДЕ БОЛЖАУ МҮМКІН ЕМЕС ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КЕЙБІРЕУЛЕРІ КОМПАНИЯНЫҢ БАҚЫЛАУЫНАН ТЫС. БОЛЖАМДАРДЫҢ ОРЫНДАЛАТЫНЫНА КЕПІЛДІК ЖОҚ ЖӘНЕ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТИЛГЕННЕҢ ЖОҒАРЫ НЕМЕСЕ ТӨМЕН БОЛУЫ МҮМКІН. КОМПАНИЯДА ЕШКІМ - ОНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ ДЕ, ДИРЕКТОРЛАРЫ ДА, ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ ДА, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕ, КЕҢЕСШІЛЕРІ ДЕ, ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ ДА, ҚАНДАЙ ДА БІР ӨКІЛДЕРІ ДЕ, ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ ДА-ОСЫ ҚҰЖАТТА ҰСЫНЫЛҒАН БОЛЖАМДАРДЫҢ ДҮРІСТІГІНЫА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ.

Болашаққа қатысты мәлімдемені қоса алғанда, осы хабарламада немесе құжатта қамтылған ақпарат осы құжаттың қуніне ғана қолданылады және болашақ нәтижелерге қатысты қандай да бір кепілдіктер беруге арналмаған. Компания қаржылық деректерді немесе болжамды мәлімдемелерді қоса алғанда, осындай ақпараттың жаңартуларын немесе өзгерістерін тарату жөніндегі қандай да бір міндеттемелерден біржақты бас тартады және Компанияның күтулеріндегі өзгерістер, болашаққа қатысты осындай мәлімдемелер негізделген оқиғалардағы, шарттардағы немесе жағдайлардағы өзгерістер немесе осы құжаттың қунінен кейін туындаityн басқа да оқиғалар немесе мән-жайлар нәтижесінде туындаityн ақпаратқа ол енгізе алатын қандай да бір өзгерістерді ашық түрде жарияламайды.

